

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
«8D032 - Журналистика және ақпарат» кадрлар даярлау
бағытындағы «6D050400 - Журналистика» мамандығы бойынша
диссертациялық кеңес мәжілісінің №4 хаттамасы**

Нұр-Сұлтан қаласы

28 мамыр, 2022 ж.

Диссертациялық кеңес төрағасы – филология ғылымдарының кандидаты, профессор Сақ Қайрат Өмірбайұлы.

Диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары - филология ғылымдарының кандидаты, доцент Есдәулетов Айтмұханбет Оразбайұлы.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы - филология ғылымдарының кандидаты, доцент Әшірбекова Гүлмира Шайтмағанбетқызы.

Диссертациялық кеңестің барлық құрамы: 8 адам

Қатысқандар: диссертациялық кеңес мүшелері мен ресми рецензенттерді қоса алғанда – 10 адам.

Сақ Қайрат Өмірбайұлы - филология ғылымдарының кандидаты, профессор.

Есдәулетов Айтмұханбет Оразбайұлы - филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Әшірбекова Гүлмира Шайтмағанбетқызы - филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Гавра Дмитрий Петрович - элеуметтану ғылымдарының докторы, профессор.

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері:

Асанов Қамашке Дәулетқанұлы - филология ғылымдарының докторы, профессор.

Сердәлі Бекжігіт Кенжебекұлы - филология ғылымдарының кандидаты, профессор.

Тапанова Сәуле Есенбекқызы - филология ғылымдарының докторы, профессор.

Буенбаева Зарина Қайратқызы – философия докторы (PhD).

Ресми рецензенттер:

Сұлтанбаева Гүлмира Серікбайқызы – саяси ғылымдарының докторы, профессор.

Шүрентаев Амангелді Мирамұлы – философия докторы (PhD)

Диссертациялық кеңес төрағасы, ф.ғ.к., ЕҰУ профессоры Қ.Ө. Сақ:

Құрметті диссертациялық кеңес мүшелері, ресми рецензенттер, мәжіліске қатысушылар! Диссертациялық кеңестің отырысын ашық деп жариялаймын.

ҚР Білім және ғылым министрлігі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ректоры, т.ғ.д., академик Е.Б.Сыдықовтың 2019 жылғы 19 қарашадағы (№1883-п) бұйрығымен Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңының 43-1 бабына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 бұйрығымен бекітілген «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереженің» 11-бабына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен бекітілген «Дәрежелерді беру қағидаларының» 3-бабына, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2019 жылғы 16 сәуірінде бекітілген «Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ диссертациялық кеңесі туралы ережесінің» 4.1-бабына, сондай ақ, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Басқарма төрағасы – ректордың «Диссертациялық кеңестердің тұрақты мүшелерін бекіту туралы» 09.06.2021 ж., №859-п бұйрығына сәйкес «8D032 – Журналистика және ақпарат» кадрларды даярлау бағытында «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша диссертациялық кеңес ашылды.

Құрметті диссертациялық кеңес мүшелері! Мәжілісті жүргізуге кворум бар. Онда мәжілісті бастауға дауыс берейік.

Мәжілісті бастау туралы қандай ұсыныстарыңыз бар?

Мәжілісті бастау туралы ұсыныс түсті. Диссертациялық кеңес мүшелері, дауыс берулеріңізді сұраймын.

«Қарсы», «қалыс қалған» жоқ, барлығы қолдап дауыс берді.

Бүгінгі диссертациялық кеңестің күн тәртібінде: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті журналистика және саясаттану факультетінің «6D050400 – Журналистика» мамандығының докторанты Гулмира Сабыровна Амангелдиеваның философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Дәстүрлі БАҚ-тың Интернет медиаға көшудегі жаңа парадигмалары: дигитализация, генерация және конвергенция (Шетелдік тәжірибе және Қазақстан)» атты диссертациясының қорғауы.

Гулмира Сабыровна Амангелдиеваның диссертациялық жұмысы ЕҰУ баспасөз және баспа ісі кафедрасында орындалды. Диссертациялық жұмыстың тақырыбы мен ғылыми кеңесшілері Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дің Ғылыми кеңесі мәжілісінде 2018 жылдың 25-желтоқсанында №1754-п бұйрығымен бекітілген.

Ғылыми кеңесшілері:

Тоқтағазин Мұратбек Балқыбекұлы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті баспасөз және баспа ісі кафедрасының профессоры, қауымдастырылған профессор, филология ғылымдарының кандидаты.

Коломиец Виктор Петрович – әлеуметтік ғылымдар докторы, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры. (Ресей Федерациясы).

Ресми рецензенттер диссертациялық кеңестің мәжілісіне қатысып отыр. Диссертация қорғауға алғаш рет ұсынылып отыр.

Құрметті диссертациялық кеңес мәжілісіне қатысушылар! Ізденуші Гулмира Сабыровнаның құжаттарымен таныстыру үшін сөз ғалым хатшы Гулмира Шайтмағанбетқызы Әшірбековаға беріледі.

Ғалым хатшы: Докторанттың өмірбаянымен, құжаттарымен таныстырды, диссертациялық кеңеске ұсынылып отырған құжаттардың философия докторы (PhD) диссертациясын қорғау үшін «Дәрежелер беру ережелерінің» талаптарына сай келетіндігін атап өтті.

Кеңес төрағасы: Гулмира Шайтмағанбетқызы, сізге рақмет!

Ғалым хатшыға сұрақтарыңыз бар ма?

Егер сұрақтар жоқ болса, диссертацияның негізгі тұжырымдарымен таныстыру үшін сөз ізденуші Амангелдиева Гулмира Сабыровнаға беріледі.

Диссертациялық жұмысты қорғау үшін сөздің регламенті 15 минут.

Құрметті диссертациялық кеңес мәжілісіне қатысушылар регламентті сақтауларыңызды сұраймын.

Тыңдалды: Амангелдиева Гулмира Сабыровна «Дәстүрлі БАҚ-тың Интернет медиаға көшудегі жаңа парадигмалары: дигитализация, генерация және конвергенция (Шетелдік тәжірибе және Қазақстан)» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысының жалпы мазмұнын қысқаша баяндады. Сонымен қатар, диссертациялық кеңес мүшелері тарапынан филология ғылымдарының кандидаты, профессор Б.К. Сердәлінің, филология ғылымдарының кандидаты, доцент А.О. Есдәулетовтің, филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Д. Асановтың сұрақтарына жауап берді.

Отандық ғылыми кеңесші – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті журналистика және саясаттану факультетінің баспасөз және баспа ісі кафедрасының профессоры, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор М.Б. Тоқтағазин өз пікірін білдірді.

Шетелдік ғылыми кеңесші – әлеуметтік ғылымдар докторы, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры Коломиец Виктор Петровичтің пікірін ғалым хатшы оқып берді.

Бірінші ресми рецензент – саяси ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, электрондық БАҚ баспасөз кафедрасының профессоры кафедрасының профессоры Сұлтанбаева Гулмира Серікбайқызының пікірі тыңдалды.

Екінші ресми рецензент – А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасының меңгерушісі, философия докторы (PhD), Шүрентаев Амангелді Мирамұлының пікірі тыңдалды.

Ғалым хатшы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Республикасы Журналистер Академиясының академигі Нұртөре Жүсіптің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Бас редакторлар клубы ҚБ мүшесі Кәрімбек Құрманәлиевтың бейресми пікірлерін оқыды.

Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшесі әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор Д.П. Гавра өз пікірін білдірді.

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері С.Е. Тапанова және З.Қ. Буенбаева өз пікірін білдірді.

Ізденуші айтылған ұсыныстарға, пікірлерге жауап берді.

Диссертациялық кеңестің төрағасы мен ғалым хатшы диссертациялық кеңес мүшелеріне Smart.edu.kz жүйесінде онлайн дауыс беру тәртібін түсіндірді.

Жасырын дауыс беру нәтижелері: қатысқан кеңес мүшелері мен ресми рецензенттер – 10, философия докторы (PhD) немесе ғылым докторы дәрежесін беруге жақтап дауыс бергендер – 10, қарсы болғандар – жоқ, қалыс қалғандар – жоқ.

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
«8D032 - Журналистика және ақпарат» кадрлар даярлау
бағытындағы «6D050400 - Журналистика» мамандығы бойынша
диссертациялық кеңесінде PhD докторант Амангелдиева Гулмираның
«Дәстүрлі БАҚ-тың Интернет медиаға көшудегі жаңа парадигмалары:
диджитализация, генерация және конвергенция (Шетелдік тәжірибе және
Қазақстан)» атты тақырыпта «6D050400 - Журналистика» мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға
ұсынылған диссертациясы жөніндегі
ҚОРЫТЫНДЫ**

1. Диссертация тақырыбының «Дәрежелерді беру қағидаларының» талаптары шегіндегі өзектілігі.

Тәуелсіздік жылдарында қазақ журналистикасының тарихын, теориясын зерттеу мен зерделеуде жаңа серпіліс пайда болды. Бүгінгі таңда сандық технологиялардың дамуымен ұлттық тәуелсіз журналистикамызда өзгерістер мен жаңа бағыттар қалыптасып жатыр. Осы орайда отандық журналистиканың нарықтық заманға сай бейімделуінде онлайн БАҚ-тың проблемаларын саралап, бүгінгі күнмен байланыстыра отырып зерттеудің маңызы зор.

Цифрлы технологиялардың республикалық және аймақтық онлайн БАҚ-тың қызметі мен дамуына әсері, отандық БАҚ-тың цифрлы жүйелерінің даму барысы өте өзекті мәселе болып табылады. Конвергентті БАҚ болуды көздеген Қазақстандық журналистиканың жаһандық цифрлық дамуына ілесе кетуі мен жаңа технологияларды меңгеруде қиындықтарға төтеп бере алуы басты мәселе. Осы тұрғыда зерттеу жұмысында бүгінгі саяси, экономикалық жүйе тудырып отырған журналистиканың жаңа салалары мен бағыттарын ғылыми тұрғыда зерттеп, жаңа терминдердің қолдану аясын ашып алу керек. Бұл саланы терең меңгермей оны оқытып үйрету қателіктерге бой алдыруы мүмкін. Онлайн БАҚ-тың даму жолдарын зерттеу, сонымен қатар олардың аймақтық БАҚ-та қалай жүзеге асып жатқанын анықтау бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Зерттеу жұмысының өзектілігі де сол – цифрлы журналистиканың конвергентті медиа саласын, генерациясын зерттеу, басым бағыттарын ашу, қолданысқа енгізу, ғылыми тұрғыда анықтамалар беру.

Бұл тақырып – бүгінгі жаңа пайда болған принциптердің ұлттық журналистиканың тарихымен тоғысып, біте қайнасқан тармақтарын тарқатар күрделі сала. Өйткені дәстүрлі БАҚ-тың көз алдымызда онлайнға көшуін бүгін қағаз бетіне түсіріп, тарихын жазып отырмасақ, уақыт өте ғайыптағы дүние болып, тарих қойнауынан таба алмай қалуымыз бек мүмкін.

Зерттеу тақырыбы 2013 жылғы Қазақстанның ақпараттық қоғамға ауысуын іске асырудың соңғы кезеңі ретінде қабылданған «Ақпараттық Қазақстан – 2020», 2017 жылы жарияланған «Цифрлы Қазақстан» атты мемлекеттік бағдарламаларға және ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың 2020 жылғы Қазақстан халқына жолдаған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында айтылған негізгі ұстанымдарға сай келеді.

2. Ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі.

Диссертация мазмұны нормативтік сілтемелерден, анықтамалардан, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, үш тараудан және қорытынды бөлімнен, қосымшалары кестелер мен суреттерден тұрады.

Диссертациялық жұмыста ғылыми тұжырымдар мен қорытындыларға тың ғылыми еңбектерге салыстыру, шолу, рефлексия, классификация, индукция және дедукция, танымның тарихи және логикалық әдістері, жалпыхалықтық түсініктерді модельдеу, дискурс-сараптама, синергетикалық және коммуникациялық әдістер негізінде қол жеткізілген.

Зерттеу үдерісі барысында автор мынандай ғылыми нәтижелер алған:

1-нәтиже. Дәстүрлі БАҚ интернет медианың нарық саласында қауқарлы екені жұмыс барысындағы талдамалы зерттеулер нәтижесімен дәлелденген. Түгелдей онлайн форматқа көшуге дағдыланған баспа газет-журналдары мен аналогтық хабар тарататын телерадиоканалдар бүгінде медиа саласында өз өрістерін кеңейтті. Республикалық, аймақтық БАҚ халықаралық деңгейдегі ақпарат алаңына шықты. Онлайн БАҚ республика және шетелдік нарықта бәсекеге қабілетті.

2-нәтиже. Отандық бұқаралық ақпарат құралдарының сандық үдеріске көшуінен ақпарат беру пішіні өзгеріске ұшырап, оны жеткізудің жаңа әдістері пайда болды. Диссертацияны жазу барысында жүргізілген әлеуметтік зерттеулер журналистиканың сандық пішінге көшу барысында соңғы технологияларды меңгеруде бірізділікті ұстану қажеттілігі туындап отырғандығын көрсетті. Докторант шетелдік нарықта бәсекеге қабілетті десек те, отандық БАҚ онлайн нұсқада ақпарат таратудың ұтымды тұстарын меңгеруі тиіс екендігі нақты тұжырымдармен келтірілген.

3-нәтиже. Сандық журналистиканың қарқынды дамуы журналистикаға жаңа бағыттарды енгізіп жатқандығы зерттеу барысында нақты терминдермен, әдістері нақты мысалдармен келтірілген. Бүгінгі бұқаралық коммуникация интернет коммуникация мен ақпараттық компьютерлік технологияларды интеграциялауға көшті. Цифрлық бейнеге көшкен медиа аудиториясының байланысын жаңарту, масс-медианың күнделікті өзгеріске ұшырауына төзімділігі мен қабылдауын бағамдау қажет. Сандық пішін ақпаратты графикалық суреттермен, кескіндемелермен ақпарат беруде. Мәтіннің символға айналған бетбұрысы контенттің трансформациялануына

алып келуде. Осы тұста докторант медиабайланыс мәселесіне назар аудару қажеттілігі туындайтынын айтып, мәселені шешу жолдарын эксперименттер арқылы ұсынады. Сандық журналистика болашақта әлемдік медианы бір жүйеге біріктіреді деген өзіндік пікір білдіреді әрі нақты қағидаттар ұсынады.

4-нәтиже. Конвергентті БАҚ медианың қарқынды дамуына, ақпараттың жылдамдығына үлкен әсер еткендігі дәлелденген. Ғаламтордағы мазмұнды таратуда, қоғамдық пікір алмасуда мультимедиалық журналистиканың ықпалы артқандығы зерттеудегі ұсынылған жаңа терминологиялармен анықталып отыр. Осы ретте сандық деректерді ұтымды әдіспен жеткізу (narrative science), «ыстық нүктеден» ақпарат тарату (мобильді журналистика) секілді бірнеше жаңа әдістер мен ұғымдарды келуде. Бұл, өз кезегінде суреттер, бейне және аудиожазбалар, графикалық иллюстрациялармен ақпаратты шынайы жеткізуге авторлық құқықтың сақталуына әсер етеді. Контентте тиімді құралдарды пайдалану мүмкіндігі онлайн БАҚ-тың интерактивтілігін көрсетті.

5-нәтиже. Сторителлинг – әңгіме жанрының жаңарған түрі, мобильді журналистика – ақпараттың қысқа әрі жедел қолжетімділігі, робот журналистика – тарихи деректерді бірізділікпен жеткізу қажеттігі анықталды. Цифрлық журналистиканың технологияларын ұтымды пайдалану желілік журналистика мен мобильді журналистиканың даму аясын кеңейтті. Цифрлық сауаттылық конвергентті журналистиканың кең қанат жаюына негіз болып, диджитал журналистиканың дамып, әлемдік нарықтағы сұранысқа ие болып отыр.

3. Ізденуші қол жеткізген нәтижелерінде зерттеу нысаны ретінде ішкі логикалық біртұтастығымен, көтерілген өзекті мәселелердің өзара сабақтастығымен сипатталады және ізденушінің ғылымға қосқан жеке үлесін көрсетеді. Тараулар бір-бірімен өзара байланысты, ал алынған нәтижелер өзара іштей үндестікті сақтаған. Пайдаланылған дереккөздер мен қолданылған ғылыми әдістер докторанттың алдына қойған мақсат-міндетіне жүйелі түрде қол жеткізуге жол ашқан. Диссертациялық зерттеуде қол жеткізілген негізгі қорытындылар мен нәтижелер ғылыми деректерге, шетелдік және отандық ғалымдардың тұжырымдаларына негізделген. Зерттеу нысаны ретінде қарастырған іс-тәжірибелік зерттеу жұмыстары докторанттың қол жеткізген үлкен жетістігі болып тұр.

4. Алынған нәтижелерді журналистика ғылымының дамуындағы жетістік ретінде тануға болады.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу барысында алынған ғылыми тың нәтижелер қазақ журналистикасының кешегісі мен бүгінгісіне сараптама жасап қана қоймайды, жаңа тұжырымдар түзеді, сонымен қатар, болашақтағы әлеуетіне де батыл жорамал жасап, халқымыздың ұлттық құндылығы мен өміршеңдігін жоймаған қағидаларды журналистика, қоғаммен байланыс, медиаменеджмент және медиакоммуникация саясаттану, әлеуметтану ғылымдары арқылы қоғам үдерісіне енгізу әлеуетін айқындайды.

Зерттеу барысында сандық журналистиканы дамыту мәселесіне терең зерттеу жасалып, баға берілді. Журналистиканың жаңа салалары мен

терминдік жаңалықтар талданып, тұжырымдар жасалды. Осы тұрғыда сандық журналистиканың негізгі бағыттарының қалыптасуы мен дамуына тигізер септігі зор.

5. Практикаға енгізу үшін қол жеткізген нәтижелер.

Ізденушінің жазған жұмысы бойынша екі енгізу актісі бар. Халықаралық «Түркістан» газеті, «Saryarqa aqparat» медиахолдингі «Дәстүрлі БАҚ-тың Интернет медиаға көшудегі жаңа парадигмалары: дигитализация, генерация және конвергенция (Шетелдік тәжірибе және Қазақстан)» атты диссертациясының нәтижелерін өндіріске енгізіп, ғылыми жұмыстағы кейбір дәйектерді, әртүрлі газеттер туралы материалдарды қазір және алдағы уақытта пайдалануға болатыны туралы өндіріске енгізу актісін берген.

Зерттеу тұжырымдарын онлайн басылымдардың проблемалары бойынша теориялық және практикалық курстарда қолдануға болады. Сондай-ақ журналистердің білімін жетілдіру курстарында шеберлік дәрістері ретінде танымдық-тәжірибелік тұрғыдан пайдалануы сол институттардың жұмысын жетілдіру мен тиімділігін арттыру үшін қажетті тетіктерді жасауда белгілі бір үлес қосады.

6. Басылымдардың Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім сапасын қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сай болуы.

Диссертацияның негізгі қағидаттары, нәтижелері мен қорытындылары, ғылыми нәтижелері бойынша 10 (он) жұмыс жарияланған, соның ішінде 1 (бір) ғылыми мақала Scopus мәліметтер базасына кіретін шетелдік басылымда жарияланған, 4 (төрт) мақала ҚР Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған, 2 (екі) шетелдік халықаралық ғылыми тәжірибелік конференцияларда, 2 (екі) республикалық конференцияларда, 1 (бір) мақала республикалық әдеби-қоғамдық журналда жарияланған.

7. Ғылыми дәреже беру туралы қорытынды.

Гулмира Амангелдиеваның «Дәстүрлі БАҚ-тың Интернет медиаға көшудегі жаңа парадигмалары: дигитализация, генерация және конвергенция (Шетелдік тәжірибе және Қазақстан)» атты тақырыптағы диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім сапасын қамтамасыз ету комитетінің «Дәрежелерді беру қағидалары» талаптарына сай келеді, сондықтан «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

8. ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ ЖІКТЕЛУ БЕЛГІЛЕРІ:

8.1 Диссертация нәтижелерінің сипаты.

8.1.2 Маңызды әлеуметтік-мәдени, экономикалық немесе саяси маңызы бар ғылыми мәселені шешу

8.2 Диссертация нәтижелерінің жаңашылдық деңгейі

8.2.1 Нәтижелері жаңа

8.3 Диссертация нәтижелерінің құндылығы

8.3.1 Жоғары

8.4 Диссертация тақырыбының жоспарлы зерттеулермен байланысы

8.4.2 Тақырып іргелі зерттеулер бағдарламасына, салалық бағдарламаға, ғылыми ұйымдар және жоғары оқу орындары жоспарына кіреді

8.5 Қолданбалы маңызы және кеңейтілген пайдалану бойынша ұсыныстары бар диссертация нәтижелерін енгізу (пайдалану) деңгейі

8.5.2 Салааралық деңгейде.

Диссертациялық кеңес төрағасы

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы



Қ.Ө. Сак

Г.Ш. Әшірбекова

28 мамыр, 2022 ж.